

842/1-03
Б-88

ҚАНИПА
БҰҒЫІБАЕВА


Көк белестер





ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА

Көк белестер



ӘЛЕНДЕР

•ЖАЗУШЫ. БАСПАСЫ,
Алматы — 1982

Каз 2

Б 88

Бұғыбаева Қанипа.

Б 88 Көк белестер: Өлеңдер.— Алматы: Жазушы, 1982.— 220 бет.

Қанипа Бұғыбаева — бірнеше жыр жинақтарының авторы. Ақынның «Көк белестер» атты бұл кітабына енгек өлеңдер оның бүған дейін жарық көрген жинақтарынан іріктелінік алдынды.

Каз 2

**Б 70403—81
402(05)82 124—82 4702230200**

ЖЕЛДЕЙ ЕСКЕН ЕРКІН ЖЫР

Балалық шақтың базарын кешкен көк белестерді кейинрек сагынып қайта көргеніңде, өзіңе белгілі бар көрік-бояуымен көзіңе оттай басылып, тұмысынан таныс жылы леп көкірегіңді ашып, жан сарайыңды жадыратып жібермей ме. Бұл күнде белгілі ақындар санатындағы Қанипа Бұғыбаеваны өз оқырмандарымен қайыра ұшырастырғалы отырган қалың қітабының қолжазбасымен танысу үстінде дәл осындай рахат сезімде болғанымызды ағымыздан жарыла айтуға тиіспіз. Ендеше талғампаз уақыт сынына төтеп беріп келген жиырма жылға жуық мезгілдің туындылары көркемдік дәрежесі мен ой құатының арқасында алдағы уақытта да оқырмандардың рухани қажетін өтеуге жарайды деген байламды пікір туюмізге болатын тәрізді.

Біз ақынның творчестволық бейнесін жасауды болашақтың үлесіне қалдырып, оның өзгеден айырмашылығы, болса артықшылығы туралы шолақ қайырумен ғана шектелмекпіз. Поэзиядағы алғашқы қадамынан бастап қадағалай қарасақ, Қанипаның арнасынан асып шалқымайтын, алған бағытынан айнымайтын, өз күшіне сенімді қаламгер екенін қапысыз танимыз. Қарапайымдылық, табиғилық және еркіндік — оның бүкіл творчествосына тән қасиет.

Тегінде, суреткер оқырман журегіне жетудің сан алуан жолдарын іздестіреді. Біреу курделі ойларымен, екінші біреу тосын тендеулерімен, ушинші біреу түр байлығымен тәнті қылады. Ал осылардың ешбірін атап еншілемей, қарапайым халықтың дәстүрде жазатын ақындар да болады. Олардың қатарына біз Илияс Жансугіровті, Қасым Аманжоловты, Мұқағали Мақатаевты қосар едік. Қанипа да осы улгідегі ақын деп білеміз. Бұлай батыл айту себебіміз, ол жазу стилі қалыптасқан, даралығы анықталған ақын. Қысқа да болса өмірбаяны бар, көргені көп қаламгер. Біз мұны оның анкетасынан емес, көркемдік өмірбаянынан көріп отырмыз. Біз лирикалық кейіпкердің тұлымшағы желкілдеген бала кезін, сүйіп-күйген бойжеткен шағын, ақыр соңында, өшіріп алмайын деп «бір үйдің отын сақшыдай бағып отырган» жар болған тұсын, жатпай-тұрмай баласының қамын, қосағының жайын ойлайтын анаға айналған тұсын көреміз. Осының барлығын қосқанда тұган жерін жан-тәнімен сүйетін, соның амандығын тілейтін, болашағын ойлап толғанатын, қуанатын, мұңаятын азamat ақынның тұлғасы шығады.

Қанипа ақын алған тақырыбына тұрақты да адад. Кең мағынасындағы туған жерді ол шыншылдықпен, беріле жырлайды. Жалпы, жасандылықта, артық әсірелеуге әуес-

тігі жоқ ақынның қай өлеңі де сазды да биязы, жұмсақ та сырлы келеді. Оның бүл қыры қазақ ауыз әдебиетінің озық дәстүріне тартса, сымдылығы мен тұжырымдылығы осы заманғы үтқыр поэзия сипатына сәйды. Және ол жырды баставай да алады, дер кезінде аяқтай да біледі. Бүл тұста табиғат сыйы да, совет ақындар мектебінің әсері де аңғарылады.

Бүгінгі қазақ қызына тән бақытты тағдыр осы ақынга да ортақ. «Жат жұртқа жаратылған» Қанипа да басқа жаққа үзатылған екен. Келіннің төркінін сағынуы табиғи нәрсе. Түйсікті қыз осыны жақсы пайдалана білген. Ұзатылған қыз соңынан экесі келеді. Ол бүкіл ауыл жаңалығын әңгімелеп береді. Сонда қыздың көз алдына ауылы түгел келгендей болады. Ақын тілінде ол былай кестелген:

*Әкем болып ауылым
Көлбеп жатты төрімде.*

Туган жер тақырыбы кітаптың өн бойына қан тамырдай тартылып жатыр. Ақын оған әр қырынан, әр буйірінен қайта-қайта оралып соғып отырады. Бірақ қайталауға үрынбайды. Бір-бірін толықтыра, аша тусетін, шын жүректен шыққан жырларды оқыған сайын Жетісу жерінің бейнесі бедерлене береді.

*Өзіңсіз жетер маған ауа қайтіп,
Бұлты жүр сағыныштың тарамай түк.
Еіреуге, туган жерің, қай жер десе,
Ұқтырам Илияс пен Сараны айтып,—*

деп мақтануы да орынды көрінеді.

Қанипа жары мен баласына арнаған жырларында назды да нәзік. Ол баласын «иен бақытқа бермейтін менің титтей бейнетім» деп аналық сырын айта отырып, ақындығынан, образдылықтан айнымайды. Және қай елдің ақынны екенін «домбырасы бар үйдің даласы бар» дегенімен гана емес, барша жырларының болмыс-бітімімен, суреткерлік мінездімен білдіріп отырады. Өнерпазда мінездің болғаны қандай ганибет!

Автор бүгінгі қазақ қызының тағдыры, бақытты арқылы біздің ғасырдың шежіресін шертеді, оның ғаламаты мен қайшылығын ашады. Дегенмен, біз Қанипаның қайраткерлік қуатты үнінің бұдан ғөрі айқын шығуын, тақырып ауқымының кеңеje тусуін қалаймыз.

ҚАСТЕК БАЯНБАЕВ

«ТҮНГҮШ КИТАП» ЖИНАҒЫНАН

* * *

**Мазалап арман жанымды
Алады жырмен уатыш.
Бола алмаймын сабырлы,—
Сабырлы емес уақыт.**

БАСПАЛДАҚ

**Алтыда табаныма от бастым да,
Шыр еттім алғашқы ауыр соққы астында.
Тал қармап тағдырыма қарсы ұмтылдым,
Кемілік дәңбекшігөн көк тасқынға.**

**Құлашты біккө еркін жая алмадым,
Келмеді, ілбісем де, аялдағым.
Тебінің темір үзер албырт шакта,
Қолыма қүрек ұстар таяқ алдым.**

**О баста налысам да күйіп-жаныш,
Қалмадым қасіреттің үйін бағыш.
Дүлейге кеуде тостым, абзал жанды
Анамның жыр желісін жиынш алыш.**

**Жойқында салынды бол құйылмадым,
Тағдырдың тантал өттім қын жарын.
Сый етіп алдарыца тарттым, достар,
Жемісін алғашқы бір жиырманың.**

**Кешірім, кейде баяу жол аттасам,
Әзірге мүмкін, есте, олақ басам.
Арман не, шыңға шығар сапарымда
Орнымды өз ортаңан жоғалтпасам.**

Ортақ сыр. Сендерден жоқ басқа арманым,
Өмірден жетіммін дег жасқанбадым.
Жырымның жолдарында жатыр менің,
Күреспен кетерілер
баспалдағым.

ОТАН

Адаммын, тірімін бұл күнде,
Қуаныш сазы бар құлкімде.
Жанымда жазы бар дәуірдің,
Келмейді тәңірге табынғым,
Отан!

Жүретін кең даңғыл жолым бар,
Отырсам өзімдік орын бар.
Қайда да мен саған табылам,
Өзгеге мени неге табынам,
Отан!

Адаммын, тірімін әр сапта,
Бас имен атаққа, мансапқа.
Келмейді құлқіден арылғым,
Көркісің жанымның, арымының,
Отан!

ТУҒАН АУЫЛҒА

Үрлей ескеи жел ме мынау, самал ма,
Толқын өрген жасыл шалғын даламда.
Күніне мен жұз сүйемін аулымды,
Көңілімнің құндағына алам да.

Сымбатыңа қараймын да сыр алам,
Жас балаша жылаң, кейде қуанам.
Топырағынды уыстасам, еңкейіп,
Көз алдымға елестейді ұлы анам.

Тек өзінде бүршік жарап гүлім де,
Тек өзінде жарық болар тұнім де.
Саусағыммен шертілмеген күй болыш,
Жыр боп тұрдың көкірегімде, тілімде.

**Жан емеспін ілби басып, көшке өрген,
Кеудендеңі бір отыңмын өшпеген.
Тұған өлкем, топырағыңдан нәр алар,
Жап-жас қана шыбығыңмын өскелен.**

ЖЕР

**Мен алғаш келгенде өмірге,
Жер-ана алысты көтеріп.
Қалықтап бір бұлт көгімде,
Отіпті курсіне жетеліп.**

**Өсіппін бұлт сүйіп мен содан,
Жер-ана көрек қыл өмшегін.
Сусындаш шырынға ой-санам,
Сезімнің алғамын белшегін.**

**Сәби бол еңбектеп,
қаз тұрып,
Жерге мен тірегем қолымды.
Қанатты осы жер жаздырып,
Мезгеген осы жер жолымды.**

**Өмірден өскемін от алып,
Ойымды құндақтап мол үміт.
Ісімнен танса бір қаталық,
Қара жер көтсінші ойылып.**

БАҚЫТ

**Бақыт, бақыт, білмеймін мен не екенін,
Білмесем де толқып-толқып кетемін.**

**Жинамаймын оңай жолмен дүние,
Болмас дейсің дайын асқа кім ие.**

**Бақыт, бақыт уысында кімдердің,
Мүмкін одан қызғанармын, қүндермін.**

**Жоқ, жоқ, бақыт — көнілімнің бүтіні,
Бақыт менің жүргімнің үкімі!**

**Бақыт деген шектелмейді байлыққа,
О, достарым, бақыт сезін жәй үқла!**

**Естімеші, желдің жоба есегін,
Бақыт, бақыт еңбегің ғой ол сенің!**

**Қайда екенін шын бақыттың ұясы,
Өзім емес, өмірімнен сұрашы.**

**Бақытты мен маңдай термен суарғам,
Сондықтан ол жеке тұрган ұлы орман!**

**Бақыт, бақыт, әлде қымбат асыл ма,
Ондай бақыт келген емес басыма.**

**Шын бақыттың шынын ізден келемін,
Жас жаныма серік болыш өлеңім!**

ЖАН АПА

Ләзиза Сергазинаға

**Тұтатып сағыныштың нұр шырагын,
Көрсем деп түні бойы тыншымадым.
Жан ала, мәңгі солмас гүліңмін мен,
Көңліңің саялаған күн шуағын.**

**Мен бір жан толасы жок, мазаланған,
Қараңы, сағат сайын өзады арман.
Сүрінсем, сүйеп, демер қолтығымнан,
Жан апа, аумайсың-ау өз анамнан.**

**Жан апа, көңлімді есір менің,
Тілегім бір өзіңен осы менің.
Жұаңнен жарты ғасыр сырғын оқып,
Жыр етіп ақ қағазға кешіремін.**

**Қанат бол қанатыңа жалғанайын,
Өзиңше ойлаиайын, толғанайын.
Өзеге көрінгенмен қара қыз бол,
Жан апа, мен өзінің толған айың.**

**Ақтарып ақ көңілден тасқынымды,
Көзіме моя шаттықтан жас тығылды.
Жетсе егер құдіретім, берсем деймін.
Қайтарып осы өлеңмен жастығынды.**

ҚИЯҚТАР

Сусылдаш, сыйырлап, қияқтар,
Жанымса сыр ақтар, күй ақтар.
Әлемнің тылсымын ұғатын
Менде де жүрек бар, құлақ бар.

Желменен майысып, солқылда,
Өзімден құшағым толсын да.
Алыстан қарасам, ерілген
Ұқсайсың бір жойқын толқынға.

Көгімді қиялдың жолығын,
Қалдым ғой арманға жолығын.
Қойныңды аш, кек шалғын қияқтар,
Кетейін бір гана шомылғын.

* * *

Озім адам, адамсыз күн жоқ маған,
Омірімнің жүргегі онсыз соқлаған.
Сырты көктем, ішіне қыс орнатын,
Адам атын жамылғаннан сақтанам.

Оміріме жүрегімнен от болем,
Осы қолмен не керемет откерем.
Жақсылықты жас жанымба бөлеп ап,
«Жамандыққа менде орын жоқ!» — дер ем.

«Адамға адам бауыр, жолдас, дос,» — дәйім,
Адам үшін жаңа бір сыр бастайын.
Сол адамның саяссында көктеген,
Секілдімін,
солқылдаған жас қайың.

* * *

Күн сайын жыртылады,
Сан қағаз шимайланған.
Жанымда бір жыр тұнады,
Бәріне де сыймай қалған.

* * *

Осынау өмірге тіл қатам,
Тізгіндең қиялдың бір ұшын.
Жүректі сезіммен жырлатам,
Сол менің байлығым, ырысым.

КЕШКІ БИДЕ

Вальс әні, кетті бірден тартылыш,
Кеңейгендей күй сазымен тар клуб.
Шыр айналып дәңгелеп жүр құрбылар,
Жұздерінде нұр арайлы таң күліп.

Отырмын мен көніліммен биге еніп,
Өзгеше бір тәтті қиял, күйге еніп.
Бір жігітпен кетер едім дәңгелеп,
Аяғынан тұрмын шеттеп, именіп.

Сынағандай сен де маған шық дедің,
Ал мен сонда бар сырымды бұкпедім.
Дедім сонда бар ма сенен аярым,
Келмейді гой, билер едім, аяғым!....

Үнсіз қалдың, әлсіз артқа шегіндің,
Келіп еді кез жасы бол төгілгім.
Бірақ женет бекіндім де, бойыма
Құдіретін құйдым болат темірдің.

Вальс әні кетті тағы ыргалып,
Көздер, көздер қадалады-ау ұрланып.
«Билер едім, эттең, менің аяғым»,
Деймін-дагы бір өшемін, бір жанып.

ОПЕРАЦИЯ СТОЛЫНДА

Профессор Эдельштейнге

Столға келдім жай басып,
Жарама епті қол тиді.
Қуаныш, күдік алмасып,
Толқиды, жүрек толқиды.

**Жанарға жас бол ескі үміт,
Өмірдің жандым отымен.
Жыр жазуга бес минут,
Уақыт бер, дәрігер өтінем!**

**Үлгірмей халім сұрап та,
Кемсендеп достар тұр әні.
Жасама, дәрігер, бірақ та,
Жырыма операцияны...**

**...Сеізімен неге жаңылдым,
Қайдасың, дәрігер, жан сақтар.
Жарасын жабық жанымның,
Ақтарып кетті саусақтар...**

**Өмір-ай, өмір,
сен маған,
Қымбатсың да жұмбақсың.
Бір сағат қазір «дем алам»
Кеудемде тулас жыр жатсын!**

**Жанарға жас бол ескі үміт,
Арманның жандым отымен.
Жыр жазуга бес минут,
Уақыт бер, дәрігер, өтінем!**

ГОСПИТАЛЬДА

**Жатырмын үнсіз, кең бөлме,
Ерекше бойға күш тараң.
Тағдырга адам қонген бе,
Өмірге бәрі құштар-ақ!**

**Мұңы бір осынау достармен,
Атуда үміт таңдарым.
Әнеки, біреу қос қолмен,
Тірейді жерге балдағын.**

**Сәуленің көзі терезем,
Сәулеге тосам бетімді.
Арманнан ағып көл, өзен,
Қанаты ойдың жетілді.**

Аңсаймын кімді, білмеймін,
Қараймын сыртқа тағатсыз.
Кірпікті кейде ілмеймін,
Ұшайын қайда, қанатсыз...

Өмірдің жаңға күйін ап,
Серпілтіп ойды, денені.
Балдақтың бәрін жиып ап,
Отқа өртегім келеді.

САҒЫНЫШ

Туган жер, көрікті жер, ата мекен,
Нұр таңың қалай менсіз атады екен.
Өзінді шын жүрекпен, қайда жүрсем,
Аяулы Ақсуым деп атап өтем.

Талыңның сабағы күй, жапырағы ән,
Мен содан емірімнің отын алам.
Осынау дүниеге мені әкелген,
Жерінде қасиетті жатыр анам.

Өзінде төгіліп ән-әлең сырым,
Арманның келем асып нелер шыңын.
Шалқысам айыбы не, өз көгінен,
Мен де бір самғап ұшқан кегершінің.

Көңілден ізі қалмай ала бұлттың,
Мәп-мәлдір көгінен мен жаралышын.
Ауылдан аттанған ем біржолата,
Қоштасып базарымен балалықтың.

Көгінен шуақ төгіп тұршы күнім,
Сезімнің ашылмаған бүршігімін.
Қолдағы мынау таяқ мен сүйенген,—
Туган жер, өзінде өскен бір шыбығың...

ЖҮРЕК

Кезі жоқ бір шабыстан болдыратын,
Байқасаң жүрек деген ол бір ақын.
Емес пе осы жүрек қасиетті,
Бойынды қыздыратын, тондыратын.

Әнеки жатыр қаша артта белес,
Ол бізді есіне алыш жоқтар емес.
Келмейді күшім әсте паршалауга,
Өйткені жүрек маган кекпар емес.

Бұл жүрек осы өмірмен егіз мәңгі,
Жол біреу,
жол үстінде кеп із қалды.

Адам бар,
сол адамда жүректер бар,
Кебі отты
болғанымен, кубі ызгарлы.

Бұл уақыт жас жаңыма от қаласын,
Басқалың бақытына жоқ таласым.
Осы бір жүрегіммен сырт-сырт соғып,
Сағаты өмірімнің тоқтамасын.

КҮЛКІ СЫРЫ

Күндер, күндер, күлкің бар гой бір әсем,
Естіртпедің сол күлкінді, сірә, сен.
Тіршіліктің тынысына үқсаган,
Кеудем толған қуаныштың үясы ем.

Қарашы, әне, күлкі ойнаған су бетін,
Кез алдыма жұз келтірем суретін.
Шын күлкіге сиынамын, бас иіп,
Күлкі текпей өткен өмір, күн — жетім.

БІР ҒАШЫҚҚА

Ежелден бір жігіттің сөзі қанық,
Жазады-ау ақ қағазды өрнектеп-ақ.
Шалғайда шала-жансар езі қалып,
Жүрегін жібереді конвертке орап.

Сөздерін баяндаң мен тізе алмаймын,
Тым құрса көрсетпеді түрін бір кеп.
Күніне сол жігітті жұз ойлаймын,
Қалайша жүрексіз ол тірі жүр деп...

* * *

Сүйем деп айғай салып сүйме мені,
Оны айтсаң, жаным жаман күйге енеді.
Айтпаши, гашық жарым, өтінемін,
Сол сезді басқа біреу үйренеді...

* * *

Көңілге жыр тыш құйып дала сырды,
Қиялды қай-қайдага жол асырды.
Шаттықтың дауылымек үйіріліп,
Кеудемнің теңіз күйі аласұрды.

Алдында жатыр әне, түрлі асулар,
Күлкішіл құміс бұрым, жылға-сулар.
Жатқандай далам маған сырын шертіп,
Па, шіркін, қандай жақсы сырласулар!

Сонадан кез тартады көл де терең,
Көл болсам мен көбінді шөлдетер ем.
Сыйса кеп бір кеудеме бар табиғат,
Бесік қып қызы жанымды тербетер ем.

Жанымнан жарып шыққан ыстық лептей,
Егін гүл жатыр әні құшып беткей.
Сабырды қайдан алдың, тентек жүрек,
Кеудемнен аққу болып үшүп кетпей!

«ЕКІНШІ ДӘПТЕР» ЖИНАҒЫНАН

ОТАНЫМ

Айқай сал осынау ғаламға;
Өзім бол өзіңе қол жайғам.
Өзің бол тіл қатып анам да,
Өзің бол сипаған маңдайдан.

Күш алыш тауынан, тасынан,
Бой теңеп ескенмін көкпенен.
Жайқалыш сен үшін жасымнан,
Кеудемде махаббат көктеген.

Саянда түлеген құсындын.
Саянда қонамын, ұшамын,
Әлемге тосын күн құшағын,
Бар елге тіршілік ұсындын.

Отаным, туған жер, толырак,
Жараттың жанымды өктем ғып.
Сен үшін кеудемнің отын ап,
Жандырсам бір шырак, жоқ кемдік!

Өмірге өмеспін мен қонак,
Жанымды арыммен жуганмын.
Бір тусам анадан іңгаләп,
Өзіңен жуз қайта туғанмын.

АҚСУ

Ақсуым, ауасы бал, нұрлы таңды,
Өзінді өтер ме едім жыр ғып мәңгі.
Ойласам, түнетемін орманы емес,
Экеліп көз алдымға бір бұтанды.

Барам ба, төменге, өлде шындарға өрлең,
О жайлыш есепті өмір, жылдар бермек.
Ақсуым, жанарыма жас төнеді,
Ан үрші біреу айтса тұған жер дең.

Ақсуым, атыңды әр кез бақ санағым,
Боясам жеңіл сөзбен, дақ саламын.
Мен едім ай құлатып ақ төсіце,
Ойнаған толқыныңмен ақ шабағың.

Демеймін, бәрі де арман о, күн өткен,
Арманның алғаш сенен отын өпкем.
Шығады саған деген әрқашан да,
Жалын бол сағынышым көкіректен.

Санаға сан тарау ой жамады күн,
Өзінше бастап не бір жақалығын.
Ақсуым, ақ шаңында із бол қалған,
Сейлейді ерке мінез балалығым.

Ор де едім, ерке де едім жерімде мен,
Жақсыдан жаны бір сәт жерінбеген.
Дәл кеше ойда бар ма жүрем деген,
Бір елде атқа ие бол «келін» деген.

Жерім деп кеудесін кім ысытпаған,
Ыстығын махаббатың ішін, қанам.
Асықсам Ақсуима құс болыш-ақ,
Көңілмен бір-ақ сэтте үшіп барам.

Іші емес басқа жердің сырты ұнаған,
Өзіңсіз басқа жерде құлкім алаң.
Айналып аспанменен бірге келген,
Сен жақтың гүлге үқсайды бұлты маган.

Сен десем, ойға батам, қозғалам кеп,
Бір жерден сен аталсаң мәз болам кеп.
Мен үшін сол да бақыт — тұған жердің,
Самалы сыбырласа өз балам, дең.

Ақсуым, ауасы бал, нұрлы таңды,
Өзінді отсем деп ем жыр ғып мәңгі.
Ойласам, түнетемін орманы емес,
Әкеліп кез алдыма бір бұтанды.

БЕРІЛМЕСІН ТЕК СОҒЫСҚА ЕРКІНДІК

Еркін дем аи тыныс алсын бұл кеудем,
 Кең далага шығайықшы жүр, сәулем.
 Еркіндіксіз тұншыға бір күлгеннен,
 Еркіндікпен жылағаным бір дәурен.

Тағдыр-ажал жетіп бүйрық, оқ тенсе,
 Сөзіме емес, өзімек кеп дарысын.
 Тілерім сол бұ дүниеден өткенше,
 Еркіндікпен шықса болды дауысым.

Жақсылықтан кім жалығыш жерінсін,
 Жақсылықпен жазылыш бой, серпілдік.
 Осы еркіндік саған,
 маган берілсін,
 Берілмесін тек соғысқа еркіндік!

* * *

Жек көрем көзілімнің тыныштығын,
 Қашанда қозғалыспен туыс күнім.
 Хақым жок, жан қиналыш, терім тамбай,
 Жұлуға тұган жердің уыс гүлін.

ТАУЛАР, ТАУЛАР!

Таулар, таулар, сырларыңа қанықпын,
 Тас төбенден кетерілер талыш тұн,
 Бітіміңмен қайсарлықты паш өткен
 Сен деп білем көкірегін алынтың.

Таулар, таулар, тындармайтын жел өтін,
 Не сүмдышты сыртқа қарай тебетін.
 Осы кеше жылдар бойы тамшы іздеп,
 Байғұс бабам бауырында желетін.

Бұлан қағып қоңыр сағым мұнарган,
 Қызы беліндей шіркін таулар бұралған.
 Таң бол атып жүрегімнен жарылыш,
 Өр жотаңа барады үшін бір арман.

Жаңғыртсам деп шөлдейтінді суалған,
Талайлардың көзіне жас шыланған.
Бүгін, әне, жас қарағай кеуденде,
Іркес-тіркес кештердей бір шұбалған.

Бір өзіңе бас игендей шартараи,
Көз алмаймын, тоя алмаймын сан қараи.
Сыр тартасың,
сылқымдардай кейде бір,
Мойыныңа ақ бұлыштан шары орап.

Еркелеткен бетімді өбіп таңғы арай,
Аспанымнаң ақ шабақтай аунал ай.
Көктемменең көріктене түлеген,
Шеккен нардай Нарынқолдың таулары-ай!

ИЛИЯСҚА

Жаи едің күй іздеген, жыр іздеген,
Көңілден биік арман, сыр үзбекен.
Сен кеше өр едің ғой, құдіретті,
Тілдескен сонау асқар шың құзбенен.

Ел, мейлі, өлген десін, оны ұқпаймын,
Тірісің! Көңілден жас тоғытпаймын.
Баяғы сырлы қара қобызымен,
Күй тартып осында жүр Молықбайың.

Келесін әуелгі арын өрекпімен.
Жоталы сай-саланды бөлең күймен.
Таптың да тың суретті табиғаттан,
Отырсың ел төрінде бөлек сыймен.

Көрем де күй жорғаны маймандаған,
Қызықташ, елтимін де, қайран қалам.
Сол күйден көрем абзал дидарынды,
Жыныш жүрт ішінде жайрандаған.

Тағы аңсан асыл жырды тұр-ау елің,
Сен кеше алғыр едің, қыран едің.
Ойпырай, әні-әні анау белден,
Келеді омыраулап Құлагерің.

Қызықтан мол суретін ми даланың.
Нотага тұспей қалған күй табамын.
Сен тұған өлкедегі жаңа саздың,
Кеудеме құяр едім сыйса бәрін.

Жан едің күй іздеген, жыр іздеген,
Көңілден биік арман, сыр үзбеген.
Ақсуда туыш-өскен қарындасың,
Келеді өзің салған бір ізбенен.

КӨШ

Көз ұшында бір беленен бір белен,
Жол шетінде бас шайқайды бұрлі емен.
Жотасына ғасыр теңін артып ап,
Заман атты көш барады дүрбелен.

Алдымыздан кең ашылып жыл есік,
Көңілімнен тұр келешек гүлі өсіп.
Өмір деген көш соңынан жазылмай,
Бір шуда бұлт шаң келеді ілесіп.

Ентігемін, жолдар, жолдар бұралац,
Көңіл көзі жатқан жалпақ бір алац.
Көш барады сым ішектей тартылыш,
Сөл босаса адам қолы бұраған.

Асықпайын, кеш батқан жоқ, тұс әлі,
Қиял, қиял жұртқа тастал, ұшады.
Қиялымда өмір жүзіп келеді,
Үйір-үйір толқынды алып құшағы.

Менірейіп тұк сезбестен тұр шындар,
Маңайымда мазасыз үн, бір шу бар.
Нар үстінен шаңырақты көтермей,
Үа, достар неге қарап тұрсындар!?

Күндер, күндер жетелеші,
басташы,
Көш деген бір өмір, уақыт қоспасы.
Жол үстінде адамға адам қосылыш,
Адам болмақ ғасырлардың көш басы.

ЖАЛҒЫЗ ДӘН

Ежелден бізге, досым-ау,
Омір мен өлім бұйырган
Жер-аианың осынау,
Түңгышы екен түйір дән.

Сол үшін қымбат ол маған,
Осы ғой нәрім, қорегім.
Әмі де пісін толмаған,
Озімді бір дән керемін.

Талайдың шешіп тағдырын,
Талайдың тамған кез жасы.
Суғарған қанмен тамырын,
Бабамның бір дән өз басы.

Қарашы байқап, достарым,
Сонау бір белден андызыдан.
Откеннің бітпес дастанын,
Баяндағ берер жалғыз дән.

БАЛАПАН

Жабылып кейде ашылар,
Бейне бір аспан алақан.
Ұшам дей қашан асығар,
Біікке сонау балапан.

Құстардың үнін жаттаған,
Жатыр ғой көлбеп дала паң.
Қанаты өлі қатпаған,
Тесінде жырлар балапан.

Тамшылап жатыр шық гүлдеи,
Келеді атып жаңа таң.
Сонау бір қыран бұлт бүрген,
Кешегі үшқан балапан.

Таусылмас бойға күш табам,
Сарқылмас ойға күй алам.
Қанатын қомдағ үшпаған,
Балапан көрсем ұядан.

* * *

Өмір, өмір, менен сұлу жыр тыңда,
Жылтырайды үміт шоғы жүртүнда.
Біреулер жүр есігінен сығалап,
Құралсыз бір күзетші бол сыртყында.

Өмір, өмір, керек маған ар, шыдам,
Өз қолың той көңіл бұлтын ариған.
Аяғымды мұлт басуға кейде мен,
Осынау кең құшагынды тарсынам.

* * *

Жаныммен отқа күйем де,
Жалындал бірде басылам.
Бұлт болыш, қабақ түйем де,
Қайтадан күн бол ашылам.

Жасымас мәңгі жас басым,
Сол үшін кейде мактанам.
Өмірде менің төтті-аңым,
Егер бе осы деп қалам.

* * *

Өмір, өмір, таза, мелдір құлқілер,
Күлкі орнына жылағанды кім тілер.
Мұң шалмаған, кір шалмаған сәбидің,
Осы құлкі бесігінде бір түнер.

Балғасымен өмір деген ұстаның,
Кеңілімді толқын айдан құшты ағын.
Ой-санама үміт жібін сабактаң,
Қиялымды жұз тарқатып үштадым.

Өмір сырлы, өмір нұлы жаз үнім,
Сол өмірде осы құлкі азығым.
Сақтанайық, бірақ, бірақ жастықпен,
Түсіруден жаңга құлкі ажімін...

* * *

Арқасында ғасырлардың жүгі бар,
Кезі жоқ бір терін сұртіп тыныгар.
Заман, заман оза берер толассыз,
Шегіне оның жетпей адам жығылар.

Сезінбеймін менишігім деп от басын,
Сезінбедің деп, достарым, тақпа сын.
Отын жағып іркілместен аштым мен,
Бір кеудемнен жүз үміттің қақпасын.

Кекірегіме кел толқынын құясың,
Қатпар-қатпар тізбектелген қия шың.
Бір шайқамай ойдың асау дауылын,
Қайтіп қана кең дүниеге сиясың?

КӨЗДЕР, КӨЗДЕР

Көздер, көздер құлімдеген күні бар,
Сол көздердің үнсіз тілін кім ұғар.
Осы көздің құдіретіне кезікsem,
Жол таптаймын басқа жаққа бұрылар.

Кеп көздердің бір көз болып арманы,
Кеуделерге бұлт түйіліп орнады.
Ашар әрең кілті бар қол қақпасын,
Көз дүние, кірпік оның қорғаны.

Көздер, көздер көз ұшында жол тұрган,
Көз тубіне емір ұйып көл тұған.
Бұл емірдің қызығына тойдырып,
Кім бар еken көз кемерін толтырган.

Көздер, көздер кең өмірден аумаган,
Көздер, көздер сұлулықты таңдаған.
Осы көзден таң хабары таралып,
Қуаныштан бір тамшы жас аунаған.

Көздер, көздер кеші батып таңы атқан,
Көздер, көздер бар сабырын тонатқан.
Колмен емес, осы көзбен арбасып,
Біреулер жүр бір-біріне оқ атқан.